



## №2 БАСПАСӨЗ РЕЛИЗИ

### 2017 жылдың қорытындысы

2018 жылғы 25 қаңтар

Алматы қ.

#### 1. 2017 жылғы инфляция және инфляциялық күтулер

Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитетінің ресми деректері бойынша жылдық инфляция 2017 жылдың соңында 7,1%-ды (2016 жылы – 8,5%-ды) құрады. Жыл бойы инфляция Ұлттық Банктің 2017 жылға арналған 6-8% нысаналы дәлізі шегінде болды.


Бағалардың өсу қарқынының баяулауы инфляцияның барлық құрамдас бөліктерінде байқалды. Азық-түлік тауарларына бағаның өсуі 6,5% (2016 жылы – 9,7%) болды. Азық-түлікке жатпайтын тауарлардың бағалары 8,9%-ға (2016 жылы – 9,5%-ға), ақылы қызметтердің бағалары 5,9%-ға (2016 жылы – 6,1%-ға) ұлғайды (1-график).

Жеміс-көкөніс өніміне, энергия тасымалдауыштарына және реттелетін қызметтерге бағаның өсуін ескермегенде, базалық инфляцияның көрсеткіші 2017 жылдың соңында 6,2%-ды (2016 жылы – 8,9%-ды) құрады.

Халықтың инфляциялық күтулерінің сандық бағасы (инфляцияның 12 айынан кейін күтілетін) 2016 жылғы желтоқсандағы 7,7%-дан 2017 жылғы желтоқсандағы 7,1%-ға дейін төмендеді (2-график). Деңгейі жыл бойы 5,9%-дан 7,7%-ға дейін түрленген инфляциялық күтулер, ең алдымен, энергия тасымалдауыштары және жеміс-көкөніс өнімдері нарықтарында қысқа мерзімді күйзеліс оқиғаларының әсерінен қалыптасты.


1-график

#### Инфляция және оның негізгі топтары



2-график

#### Инфляция және күтілетін инфляция



Дереккөзі: Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Статистика комитеті, GfK Kazakhstan

#### 2. 2017 жылғы 9 ай ішіндегі төлем балансы және сыртқы борыш

2017 жылғы 9 айдың қорытындысы бойынша ағымдағы шоттың тапшылығы 2016 жылғы ұқсас кезеңмен салыстырғанда 23,9%-ға төмендеп, 4,6 млрд. АҚШ долларын немесе ІЖӨ-ге қатысты 4,2%-ды құрады. Бұл ретте, 2017 жылғы 3-тоқсанда тапшылық 1,7 млрд. АҚШ доллары болды, бұл 2016 жылғы 3-тоқсандағы көрсеткіштен 17,9%-ға төмен болып табылады.

Тауарлар экспорты 2016 жылғы ұқсас кезеңмен салыстырғанда 31,4%-ға ұлғайып, 2017 жылғы 9 айда 35,2 млрд. АҚШ доллары болды. Мұнай және газ конденсаты экспортының құны (ресми экспорттың жалпы құнының 55,6%-ы) 36,6%-ға өсті, қара металл экспорты 59,2%-ға, түрлі-түсті металл экспорты – 20,8%-ға ұлғайды. Астық экспорты 7,9%-ға төмендеді.

Тауарлар импорты 15,8%-ға ұлғайды және 23,2 млрд. АҚШ долларын құрады. Импорт құнының өсуі негізгі тауар номенклатурасының барлық топтары бойынша болды. Импорттың ең көп ұлғаюы азық-түлікке жатпайтын тұтыну тауарларын 24,0%-ға әкелу және аралық өнеркәсіптік тұтыну тауарларын 16,9%-ға (ресми импорттан 37,0%) әкелу бойынша орын алды.

Сауда балансының профициті 2016 жылғы 9 айға қатысты 77,6%-ға ұлғайып, 12,0 млрд. АҚШ доллары болды.

Шикізат экспортынан кірістердің өсуі бейрезиденттердің тікелей инвестициялардан кірістерінің 11,9 млрд. АҚШ долларына дейін төлемдерінің өсуіне ықпал етті. Нәтижесінде инвестициялық кірістердің теріс сальдосы 12,2 млрд. АҚШ доллары болды, бұл 2016 жылғы 9 айға қарағанда 48,2%-ға көп.

Қаржы шоты бойынша капиталдың таза ағыны (Ұлттық Банктің резервтік активтерімен операцияларын қоспағанда) 2017 жылғы 9 айда 6,7 млрд. АҚШ доллары болды.

Тікелей инвестициялар бойынша таза ағын 3,0 млрд. АҚШ доллары мөлшерінде қалыптасты. Шетелдік тікелей инвестициялардың (ШТИ) Қазақстанға жалпы ағыны шетелдік тікелей инвестициялардан фирмааралық қарыз алудың өсуі салдарынан 2016 жылғы 9 айдағы көрсеткішпен салыстырғанда 5,3%-ға ұлғайып, 15,8 млрд. АҚШ доллары болды. Қазақстан Республикасына тікелей инвестициялар негізінен мұнай-газ секторының және металлургия өнеркәсібінің кәсіпорындарына жүзеге асырылды. Негізгі инвестор елдер Нидерланд (ШТИ жалпы түсулердің 28,1%), Швейцария (13,1%), Бельгия (6,1%), Ресей Федерациясы (5,5%), Қытай (4,8%), Франция (3,8%), Ұлыбритания (2,7%) және Корея Республикасы (2,1%) болып табылады.

Портфельдік инвестициялар бойынша 8,3 млрд. АҚШ долларындағы таза әкеліну резиденттердің өздеріне тиесілі шетелдік бағалы қағаздарды сатуы, сондай-ақ халықаралық капитал нарықтарында банктік емес сектордың еурооблигацияларды шығаруы есебінен қалыптасты.

Басқа инвестициялар бойынша 2017 жылғы 9 ай ішінде 4,5 млрд. АҚШ долларындағы нетто-әкетілуі байқалды, бұл көбінесе банктік емес ұйымдардың шетелдік шоттардағы қысқа мерзімді активтерінің өсуімен және банктер мен мемлекеттік басқару органдарының ұзақ мерзімді қарыздар бойынша өз міндеттемелерін өтеуімен қамтамасыз етілді.

**2017 жылғы 1 қазанда Қазақстан Республикасының сыртқы борышы** 168,9 млрд. АҚШ доллары болды, оның 7,8%-ы немесе 13,2 млрд. АҚШ доллары – бұл мемлекеттік сектордың сыртқы борышы, 3,7%-ы немесе 6,3 млрд. АҚШ доллары – «Банктер» секторының сыртқы борышы, 26,1%-ы немесе 44,1 млрд. АҚШ доллары – «Басқа секторлардың» тікелей инвестицияларға байланысты емес берешегі, ал қалған 62,4% немесе 105,3 млрд. АҚШ доллары осы сектордың фирмааралық берешегін құрайды.

2017 жылғы 9 айда елдің сыртқы борышының көлемі 5,2 млрд. АҚШ долларына, оның ішінде 2017 жылғы 3-тоқсанда 1,0 млрд. АҚШ долларына ұлғайды.

Мемлекеттік сектордың сыртқы борышы, негізінен халықаралық капитал нарығында шығарылған тәуелсіз еурооблигациялар құнының өсуі және бейрезиденттер тарапынан Ұлттық Банктің қысқа мерзімді ноттарына деген сұраныстың артуы есебінен 0,3 млрд. АҚШ долларына ұлғайды.

«Банктердің» (екінші деңгейдегі банктер және «Қазақстанның Даму банкі» АҚ) сыртқы міндеттемелері еурооблигацияларды және қолданыстағы сыртқы қарыздарды жоспарлы өтеу салдарынан 0,9 млрд. АҚШ долларына қысқарды.

«Басқа секторлардың» үлестес емес бейрезиденттері алдындағы сыртқы борышы негізінен мұнай-газ секторы ұйымдарының еурооблигацияларын орналастыруы есебінен 4,8 млрд. АҚШ долларына ұлғайды.

Фирмаралық берешек, негізінен мұнай-газ жобаларын бұдан әрі қаржыландыру және тікелей инвесторлар алдындағы төленбеген дивидендтер бойынша берешектің өсуі есебінен 1,0 млрд. АҚШ долларына ұлғайды.

Ішкі жалпы өнімнің (ІЖӨ) және тауарлар мен қызметтер экспорты (ТҚЭ) көлемінің өсуі сыртқы борыштың салыстырмалы түрдегі өлшемдерінің жақсаруына себепші болды: 2017 жылғы 1 қазандағы жағдай бойынша сыртқы борыштың ІЖӨ-ге қатынасы 2017 жылдың басындағы 119,3%-бен салыстырғанда 108,9%, ал сыртқы борыштың ТҚЭ қатынасы 375,8%-бен салыстырғанда 324,5% болды.

### **3. 2017 жылғы халықаралық резервтер және ақша агрегаттары**

2017 жыл ішінде Ұлттық Банктің жалпы халықаралық резервтері алдын ала деректер бойынша 31,1 млрд. АҚШ долларына дейін 4,7%-ға өсті.

Ұлттық қордың шетел валютасындағы активтерін (57,7 млрд. АҚШ доллары) қоса алғанда, 2017 жылдың соңында елдің халықаралық резервтері тұтастай алғанда, 88,8 млрд. АҚШ доллары болды.

Ұлттық қордың активтерін толықтыру, Үкіметтің сыртқы борышына қызмет көрсету бойынша операциялар жүргізу Үкіметтің және басқа ұйымдардың Ұлттық Банктегі шоттарына валютаның түсуімен бейтараптандырылды. Оның үстіне, банктердің шетел валютасындағы корреспонденттік шоттарындағы қалдықтар азайды.

2017 жыл ішінде ақша базасы 7,3%-ға кеңейіп, желтоқсанның соңында алдын ала деректер бойынша 5 538,7 млрд. теңге болды. Тар ақша базасы, яғни екінші деңгейдегі банктердің Ұлттық Банктегі мерзімді депозиттерін есептемегендегі ақша базасы, 5 162,3 млрд. теңгеге дейін 7,7%-ға кеңейді.

2017 жыл ішінде ақша массасы 19 456,0 млрд. теңгеге дейін 1,7%-ға төмендеді, айналыстағы қолма-қол ақша 1 946,3 млрд. теңгеге дейін 11,3%-ға ұлғайды.

### **4. Ұлттық Банктің ақша-кредит саясаты саласындағы операциялары**


**2017 жылғы базлық мөлшерлеме** жылдық 10,25% деңгейіне дейін төмендеді. Базалық мөлшерлеме дәлізі +/-1% деңгейінде сақталды. 2018 жылғы 16 қаңтардан бастап базалық мөлшерлеме 9,75%-ға<sup>1</sup> (3-график) тең.

3-график

**Базалық мөлшерлеменің және оның пайыздық дәлізінің серпіні**

---


<sup>1</sup> Сонымен бірге ресми қайта қаржыландыру мөлшерлемесі осындай деңгейде (9,75%)



**Тұрақты қолжетімді ақша-кредит саясатының құралдары.** 2017 жылдың соңында Ұлттық Банктің ашық позициясының көлемі тікелей РЕПО операциялары бойынша 295,3 млрд. теңге, кері РЕПО операциялары бойынша – 182,6 млрд. теңге, Ұлттық Банктегі банктік депозиттері – 351,9 млрд. теңге болды.

Ұлттық Банктің ақша нарығындағы операцияларының теріс сальдосы (ашық позициясы) ашық нарықтағы операциялар бойынша және тұрақты қолжетімді құралдар бойынша 2017 жылдың соңындағы жағдай бойынша 2,4 трлн. теңге болды.

Ақша нарығында ақша-кредит саясатының операцияларын жүргізу кезінде таргеттелетін (нысаналы) мөлшерлеме болып табылатын TONIA индикаторы<sup>2</sup> негізінен 2017 жылы Ұлттық Банктің базалық мөлшерлемесінің пайыздық дәлізінің төменгі шегіндегі деңгейде қалыптасты (4-график). Желтоқсанда орташа алынған мәні жылдық 9,31% болды.



**Қазақстан Ұлттық Банкінің қысқа мерзімді ноттары.** 2017 жылы қысқа мерзімді ноттардың артық өтімділікті алу үшін тиімді құрал ретінде және кірістілік қисығының қысқа мерзімді мөлшерлемесін айқындау мақсатында қолданылуы жалғасын тапты.

<sup>2</sup> биржада МБҚ-мен автоматты РЕПО секторында жасалған, РЕПО-ны мерзімі бір жұмыс күніне ашу мәмілелері бойынша орташа алынған пайыздық мөлшерлеме

Қысқа мерзімді ноттар эмиссиясының көлемі 2017 жылы бір жылда 52,5%-ға ұлғайып, 62 974,3 млрд. теңге (2016 жылы – 41 287,1 млрд. теңге) болды. Бұл ретте, 339 аукцион, оның ішінде 51 920,5 млрд. теңге сомаға 7 күндік ноттарды орналастыру бойынша 246 аукцион, 7 872,8 млрд. теңге сомаға 1 айлық ноттарды орналастыру бойынша 51 аукцион, 1 217,7 млрд. теңге сомаға 3 айлық ноттарды орналастыру бойынша 12 аукцион, 875,9 млрд. теңге сомаға 6 айлық ноттарды орналастыру бойынша 12 аукцион және 1 087,3 млрд. теңге сомаға 1 жылдық ноттарды орналастыру бойынша 18 аукцион өткізілді.


Орналастырылған 7 күндік ноттар бойынша орташа алынған кірістілік 10,03%, (2016 жылы – 13,55%), 1 айлық ноттар бойынша – 9,96% (13,84%), 3 айлық ноттар бойынша – 10,05% (12,91%), 6 айлық ноттар бойынша – 9,64% (12,45%), 1 жылдық ноттар бойынша – 9,06% (11,47%) болды.

Қысқа мерзімді ноталардың өтелген көлемі 2017 жылы 62 599,6 млрд. теңге құрады.

Айналыстағы ноттардың көлемі жыл басынан бері 26,4%-ға немесе 664,8 млрд. теңгеге ұлғайып, 2017 жылдың соңында 3 183,4 млрд. теңгені құрады (5-график).

5-график

**ҚРҰБ 2016-2017 жж. айналыстағы қысқа мерзімді ноттарының серпіні**




**Кірістілік қисығын қалыптастыру.** 2017 жылы Ұлттық Банк Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігімен бірлесіп кірістілік қисығын қалыптастыру жөніндегі шараларды қабылдауды жалғастырды. Ұлттық Банк қисықтың қысқа мерзімді секторын қалыптастыру шеңберінде айналыс мерзімдері 1 жылға дейін болатын қысқа мерзімді ноттарды шығарды, сондай-ақ Ұлттық Банк 2017 жылғы тамызда Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің меншікті портфельдегі, номиналдық құны бойынша 14 млрд. теңге сомаға өтеу мерзімдері 12, 15 және 17 жыл болатын мемлекеттік бағалы қағаздарын сату бойынша 15 аукцион өткізді.

Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі 2017 жыл ішінде 1 646,2 млрд. теңге сомаға (2016 жылы – 180 млрд. теңге) өтеу мерзімі 2 жылдан бастап 15 жылға дейін болатын мемлекеттік бағалы қағаздарды орналастырды.

Жоғарыда көрсетілген іс-әрекеттердің нәтижесінде бір жылда кірістілік қисықтың қысқа мерзімді және орта мерзімді секторларының бойымен біршама төмендеп, оның нысаны біртіндеп қалыпқа келе бастады (6-график).

6-график

### Кірістіліктің тәуекелсіз қисығының өзгеруі



### 5. 2017 жылғы валюта нарығы


2017 жылы Ұлттық Банк еркін өзгермелі айырбастау бағамының режимін қолдауды жалғастырды. Ішкі және сыртқы факторлардың ықпалымен теңге бағамы бір АҚШ доллары үшін 310,40-345,00 теңге диапазонында болды. 2017 жылдың соңында теңгенің АҚШ долларына биржалық бағамы бір жылда 0,3%-ға нығайып, бір АҚШ доллары үшін 332,33 теңге болды.

2017 жылы KZT/USD валюталық жұбы бойынша Қазақстан қор биржасындағы биржалық операциялардың көлемі 2016 жылмен салыстырғанда 21,8%-ға ұлғайып, 37,0 млрд. АҚШ доллары болды. Биржадан тыс валюта нарығында KZT/USD валюталық жұбы бойынша операциялардың көлемі 116,6 млрд. АҚШ долл. болды. Сонының ішінде биржадан тыс сауда-саттық көлемінің 80,6%-ы немесе 94,0 млрд. АҚШ доллары валюталық тәуекелден меншікті капиталды хеджирлеу үшін бір банк өзінің Қазақстаннан тыс орналасқан бас банкімен операцияларына тиесілі. Тұтастай алғанда, KZT/USD валюталық жұбы бойынша ішкі валюта нарығындағы операциялардың көлемі 153,6 млрд. АҚШ долл. болды.

Ұлттық Банктің валюта нарығына қатысуы 2017 жылдың ішінде барынша аз (биржалық сауда-саттықтың жылдық көлемінен 1,7%) болды. Өктемдіктер жүргізу бағамның күрт ауытқуларын шектеуге бағытталды. Бұл ретте Ұлттық Банктің шетелдік валюталарға қатысты теңге бағамының қандай да бір деңгейін қолдау мақсаты болған жоқ (7-график).

7-график


### Ішкі валюта нарығындағы ҚРҰБ-нің өктемдіктері (нетто)



Қолма-қол шетел валютасын сатып алу шығыстарының көлемі (АҚШ доллары, еуро, ресей рублі) 2017 жылы 2,4 трлн. теңге (8-график) болды. Олардың құрылымында қолма-қол АҚШ долларын сатып алу шығыстары – 1,5 трлн. теңгеге (шығыстардың нетто үлесі – 65,0%), Ресей рублі – 612,6 млрд. теңгеге (25,8%), еуро – 219,6 млрд. теңгеге (9,2%) басым болды.

8-график

**Қолма-қол шетел валютасын сатып алуға-сатуға шығыстарының көлемі (нетто)**



**6. 2017 жылғы желтоқсанның соңындағы жағдай бойынша кредит нарығы**

Желтоқсанның соңында банктердің экономикаға кредиттері 2017 жылдың басындағы деңгейде сақталды және 12,7 трлн. теңгені (өзгеруі – 0%) құрады. Үш банктің – Қазақстан Республикасы банк секторының қаржылық тұрақтылығын арттыру бағдарламасы бойынша міндеттері проблемалық активтерді басқару бойынша арнайы компанияларға берілген «Казкоммерцбанк» АҚ және «Банк «Bank RBK» АҚ, сонымен бірге банктік және өзге операцияларды жүргізуге және бағалы қағаздар рыногындағы қызметті жүзеге асыруға лицензиясына айырылған «Delta Bank» АҚ көрсеткіштерін есепке алмағанда кредиттердің жылдық өсімі 10,8% құрады.

2017 жылы заңды тұлғаларға берілген кредиттердің көлемі 8 164,4 млрд. теңгеге дейін 5,8%-ға (өзгеруі – 0%) төмендеді, жеке тұлғаларға берілген кредиттер көлемі 4 541 млрд. теңгеге дейін 12,4%-ға ұлғайды (қарашада 1,4%-ға өсу).

Ұлттық валютамен берілген кредиттердің көлемі бір жыл ішінде 9 366,8 млрд. теңгеге дейін 9,2%-ға ұлғайды. Олардың құрылымында заңды тұлғаларға берілген кредиттер 2,4%-ға, ал жеке тұлғаларға берілген кредиттер 18,6%-ға ұлғайды. Шетел валютасымен берілген кредиттердің көлемі 3 338,6 млрд. теңгеге дейін 19,2%-ға азайды, оның ішінде заңды тұлғаларға берілген кредиттер 17%-ға, жеке тұлғаларға берілген

кредиттер – 36,5%-ға азайды. Теңгемен берілген кредиттердің үлес салмағы бір жыл ішінде 67,5%-дан 73,7%-ға дейін ұлғайды.

Ұзақ мерзімді кредиттер көлемі 10 801 млрд. теңгеге дейін 2,9%-ға ұлғайды, қысқа мерзімді кредиттер көлемі 1 904,4 млрд. теңгеге дейін 14%-ға азайды.

Шағын кәсіпкерлік субъектілерін кредиттеу 2 788,6 млрд. теңгеге дейін 7,1%-ға (экономикаға берілген кредиттердің жалпы көлемінің 21,9%-ы) төмендеді.

Салалар бойынша банктердің экономикаға берген кредиттерінің ең қомақты сомасы сауда (жалпы көлемдегі үлесі – 15,9%), өнеркәсіп (15,6%), құрылыс (7,2%), ауыл шаруашылығы (5,5%) және көлік (4,5%) сияқты салаларға тиесілі.

2017 жылғы желтоқсанда банктік емес заңды тұлғаларға ұлттық валютамен берілген кредиттер бойынша орташа алынған сыйақы мөлшерлемесі 13,2% (2016 жылғы желтоқсанда – 14,5%), жеке тұлғаларға берілген кредиттер бойынша орташа алынған сыйақы мөлшерлемесі 19,2% (18,4%) болды.

### **7. 2017 жылғы желтоқсанның соңындағы жағдай бойынша депозит нарығы**

Резиденттердің депозиттік ұйымдардағы депозиттерінің көлемі 2017 жылғы желтоқсанның соңында 17 509,7 млрд. теңге құрап, бір жылда 3% төмендеді. «Казкоммерцбанк» АҚ, «Банк «Bank RBK» АҚ және «Delta Bank» АҚ көрсеткіштерін есепке алмағанда депозиттердің жылдық өсуі 1,5% құрады.

Заңды тұлғалардың депозиттері 9 388,8 млрд. теңгеге дейін 8,1%-ға қысқарды, жеке тұлғалардың депозиттері 8 120,9 млрд. теңгеге дейін 3,7%-ға ұлғайды.

Ұлттық валютадағы депозиттердің көлемі бір жылда 9 160,6 млрд. теңгеге дейін 11,4%-ға өсті, шетел валютасымен 8 349,1 млрд. теңгеге дейін 15,1%-ға қысқарды. Депозиттерді долларландыру деңгейі желтоқсанның соңында 47,7% (2016 жылғы желтоқсанда – 54,5%) болды.

Заңды тұлғалардың ұлттық валютадағы депозиттері 5 274,9 млрд. теңгеге дейін 0,5%-ға ұлғайды, шетел валютасымен 4 113,8 млрд. теңгеге дейін 17,3%-ға (заңды тұлғалардың депозиттерінен 43,8%) қысқарды.

Жеке тұлғалардың теңгемен депозиттері 3 885,6 млрд. теңгеге дейін 30,7%-ға дейін ұлғайды, шетел валютасымен 4 235,3 млрд. теңгеге дейін 12,8%-ға (жеке тұлғалардың депозиттерінен 52,2%) қысқарды.

Мерзімді депозиттер көлемі бір жылда 4,2%-ға қысқарып, 12 081,8 млрд. теңге болды. Олардың құрылымында ұлттық валютамен салымдар 6 139,2 млрд. теңге, шетел валютасымен – 5 942,6 млрд. теңге болды.

Банктік емес заңды тұлғалардың ұлттық валютадағы мерзімді депозиттері бойынша орташа алынған сыйақы мөлшерлемесі 8,0% (2016 жылғы желтоқсанда – 10,5%), жеке тұлғалардың депозиттері бойынша – 11,7% (12,2%) болды.

### **8. 2017 жылғы төлем жүйелері**

2018 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша Қазақстан Республикасының аумағында 19 төлем жүйесі, оның ішінде Ұлттық Банктің төлем жүйелері, ақша аудару жүйелері, төлем карточкаларының жүйелері мен өзге де төлем жүйелері жұмыс істейді.

2017 жылы Ұлттық Банктің төлем жүйелері (Банкаралық ақша аудару жүйесі мен Банкаралық клиринг жүйесі) арқылы 850,6 трлн. теңге сомаға 36,6 млн. транзакция жүргізілді (2016 жылмен салыстырғанда төлемдердің саны 3,5%-ға ұлғайды, төлемдер сомасы 44,0%-ға өсті). Орташа алғанда, бір күн ішінде аталған төлем жүйелері арқылы 3,5 трлн. теңге сомаға 149,2 мың транзакция жүргізілді.

2017 жылы қазақстандық эмитенттердің төлем карточкаларын пайдалана отырып жүргізілген операциялардың көлемі 13,8 трлн. теңге сомаға



467,5 млн. транзакцияны құрады (2016 жылмен салыстырғанда транзакциялар саны 41,2%-ға, ал сомасы – 32,3%-ға ұлғайды). 2016 жылмен салыстырғанда қазақстандық эмитенттердің төлем карточкаларын пайдалана отырып жүргізілген операциялардың жалпы құрылымында қолма-қол ақшасыз жасалған төлемдер үлесі 49,6%-ға дейін (2016 жылы – 36,4%) өсті, қолма-қол ақшасыз жасалған төлемдер көлемінің үлесі 22,1%-ға (15,6%) дейін ұлғайды.

2018 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша Қазақстан Республикасында төлем карточкаларының шығарылымын 26 банк пен «Қазпочта» АҚ жүзеге асырды, эмиссияланған және таратылған төлем карточкаларының жалпы саны 19,4 млн. бірлік болды. 2018 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша төлем карточкаларына қызмет көрсету желісі төмендегідей болды: 9,7 мың банкомат, 126,7 мың POS-терминал, 897 банк дүңгіршегі. 2018 жылғы 1 қаңтарда Қазақстанда төлем жасауға төлем карточкаларын қабылдайтын 78,7 мың сауда кәсіпорны жұмыс істеді, бұл 2017 жылғы 1 қаңтардағы олардың санынан 19,1%-ға асты.

2018 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша Қазақстан Республикасының аумағында 15 ақша аударымы жүйесі жұмыс істейді.

2017 жыл ішінде халықаралық банк аударымы жүйелері арқылы жіберілген аударымдардың жалпы көлемі 519,8 млрд. теңге сомаға 2,4 млн. транзакция құрады. Ақша аударымдарының көлемінің өсуі 2016 жылмен салыстырғанда 27,8% құрады.

Халықаралық банк аударымы жүйелерін ел тұрғындары Қазақстаннан тыс жерлерге ақша аудару үшін жиі пайдаланады – ақша аударымдары жүйелері арқылы жөнелтілген транзакциялардың жалпы санынан 91,8% (2,4 млн. транзакция) және жалпы сомасынан 95,4%-ын (496,0 млрд. теңгені) құрады. Қазақстан халқы қарастырылып отырған кезеңде 311,5 млрд. теңге сомаға 1,4 млн. транзакция алды.

## **9. 2017 жылғы банк секторы**

2018 жылғы 1 желтоқсандағы жағдай бойынша Қазақстан Республикасының банк секторын 32 банк құрайды.

Банк секторының жиынтық активтері 24 220,5 млрд. теңгені (төмендеу бір жыл ішінде 5,2%) құрады. Активтердің құрылымында ең көп үлесті кредиттер – 51,4%, бағалы қағаздар портфелі – 18,2%, қолма-қол ақша, тазартылған бағалы металдар мен корреспонденттік шоттар – 13,6% иеленді.

90 күннен астам мерзімі өткен берешегі бар кредиттер (NPL) 1 265,2 млрд. теңгені немесе несие портфелінің 9,3 %-ын құрады.

Несие портфелі бойынша провизиялар 2 083,2 млрд. теңге немесе несие портфелінің 15,3 %-ы (2017 жылғы 1 қаңтарға – 1 642,9 млрд. теңге немесе 10,6%) мөлшерінде қалыптастырылды.

Банк секторының жиынтық міндеттемелерінің мөлшері 2017 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша 21 129,5 млрд. теңгені (төмендеу бір жыл ішінде 7,0%) құрады. Банктер міндеттемелерінің құрылымында ең жоғары үлесті клиенттердің салымдары – 78,9%, айналысқа шығарылған бағалы қағаздар – 6,3%, басқа банктерден және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардан алынған қарыздар – 2,9% иеленеді.

Жиынтық міндеттемелерде банктердің Қазақстан Республикасының бейрезиденттері алдындағы міндеттемелері 2017 жылдың басымен салыстырғанда 7,4%-дан 5,6%-ға дейін (1 192,7 млрд. теңгеге дейін) төмендеді.

2018 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша банк секторының жиынтық меншікті капиталы 2017 жыл ішінде 8,8%-ға ұлғайып, 3 091,0 млрд. теңге болды.

Таза пайда (ағымдағы кірістердің ағымдағы шығыстардан артуы) 18,7 млрд. теңгені құрады.

Екінші деңгейдегі банктердің таза пайыздық маржасы және пайыздық сұрады 2018 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша тиісінше 5,09% және 4,17% болды.

#### **10. 2017 жылғы сақтандыру секторы**

2018 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша сақтандыру секторын 32 сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы құрайды.

Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары активтерінің жиынтық көлемі 926,7 млрд. теңге (бір жыл ішінде 8,2%-ға өсу) болды.

Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының міндеттемелері 513,7 млрд. теңгеге дейін 13,0%-ға ұлғайды.

Қолданыстағы сақтандыру және қайта сақтандыру шарттары бойынша қабылданған міндеттемелердің орындалуын қамтамасыз ету үшін сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары қалыптастырған сақтандыру резервтерінің көлемі бір жыл ішінде 460,5 млрд. теңгеге дейін 11,6%-ға өсті.

Меншікті капитал жылдың басынан 413,0 млрд.теңгені құрады (бір жыл ішінде 2,7%-ға өсу).

Сақтандыру сыйлықақылары 2018 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша 2017 жылдың ұқсас көрсеткішімен салыстырғанда 370,2 млрд. теңгеге дейін 3,7%-ға ұлғайды, олардың ішінде тікелей сақтандыру шарттары бойынша қабылданған сақтандыру сыйлықақыларының көлемі 332,0 млрд. теңге болды.

2017 жылдың қорытындысы бойынша «өмірді сақтандыру» саласы бойынша сақтандыру сыйлықақылары 2016 жылмен салыстырғанда 66,2 млрд. теңгеге дейін 18,9%-ға ұлғайды. Жиынтық сақтандыру сыйлықақыларында «өмірді сақтандыру» саласы бойынша жиналған сақтандыру сыйлықақыларының үлесі 2017 жылғы 1 қаңтардағы 15,6%-бен салыстырғанда 17,9% болды.

Қайта сақтандыруға берілген сақтандыру сыйлықақыларының көлемі 129,7 млрд. теңгені немесе сақтандыру сыйлықақыларының жиынтық көлемінің 35,0%-ын құрады. Қайта сақтандыруға берілген сақтандыру сыйлықақыларының 84,1%-ы Қазақстан Республикасының бейрезиденттеріне қайта сақтандыруға берілді.

2018 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша сақтандыру төлемдерінің жалпы көлемі (қайта сақтандыруға қабылданған шарттар бойынша жүзеге асырылған сақтандыру төлемдерін шегергенде) 73,1 млрд. теңге болды, ол 2017 жылғы қаңтардағы көрсеткішке қарағанда 11,9%-ға аз.

#### **11. 2017 жылғы зейнетақы жүйесі**

Салымшылардың (алушылардың) зейнетақы жинақтары 2017 жылы 1 095 млрд. теңгеге (16,4 %) ұлғайып, 2018 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша 7 780,7 млрд. теңгені құрады.

2017 жылы зейнетақы активтерін 550,6 млрд. теңгеге инвестициялаудан «таза» кіріс ұлғайды, ол 2018 жылғы 1 қаңтарда 2 774,9 млрд. теңгені құрады.

Міндетті зейнетақы жарналары бойынша салымшылардың жеке зейнетақы шоттарының саны (зейнетақы жинақтары жоқ ЖЗШ-ны есептемегенде) 2018 жылғы 1 қаңтарда 9,6 млн. шотты құрады.

Зейнетақы төлемдерінің сомасы 2017 жылы 211,1 млрд. теңгені құрады.

БЖЗҚ-ның жиынтық инвестициялық портфелінің негізгі үлесін 2018 жылғы 1 қаңтарда бұрынғыдай, ҚР-ның мемлекеттік бағалы қағаздары мен ҚР эмитенттерінің

корпоративтік бағалы қағаздары (зейнетақы активтерінің жалпы көлемінің тиісінше 46,2%-ы және 29,3%-ы) құрайды.

1998 жылдан бастап 2017 жылды қоса алғандағы кезеңде жинақтаушы құрауыштан жалпы сомасы 1,1 трлн. теңгеге, оның ішінде 2013 жылғы қыркүйектен бастап 2017 жылды қоса алғанда БЖЗҚ-тан 621,7 млрд. теңге сомаға зейнетақы төлемдері берілді.

Жинақтаушы зейнетақы жүйесінің барлық жұмыс кезеңі ішінде зейнетақы жинақтарын жоғалту, зейнетақы төлемдерін алу кезінде кідірістер не зейнетақы төлемдерін толық көлемде төлемеу фактілері тіркелген жоқ. Салымшылар (алушылар) тарапынан зейнетақы төлемдерінің уақтылы жүзеге асырылмағаны үшін Ұлттық Банктің немесе БЖЗҚ-ның атына шағымдар түскен жоқ.

Толығырақ ақпаратты мына телефондар арқылы алуға болады

+7 (727) 270 45 85

+7 (727) 330 24 97

e-mail: [press@nationalbank.kz](mailto:press@nationalbank.kz)

<http://www.nationalbank.kz>